

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Ақбөбек» МДҰ

Топ: «Айгөлек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 10-14.10.2022ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Д/о: «Қай ағаштың жемісі» Шарты: Суреттерге қарап жемістердің қай ағаштікі екенін айтады (сөйлеуді дамыту)	Достарым әнімен қарсы алу Д/о: «Пазл» Шарты: Пазлдарды құрап ойнайды. (құрастыру)	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу Д/о: « Жұбын тап» Шарты: Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну.	Үш түрлі смайликпен қарсы алу Д/о: «Қайсысы ұнайды» шарты: әр түрлі суреттерді көрсетіп, олардың қайсысының ұнайтыны, не үшін ұнағаны туралы сұралады. Олардың қай мезгілде бейнеленгенін айтқызады. (сөйлеуді дамыту)	Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу Д/о:«Орнын тап» шарты: балалар үй мүліктерінің ішінен өз бөлмесіне қажетті заттарды ажыратып орналастырады.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д/о: «Ойнайық та, ойлайық» Шарты: Таяқшалармен ойларына келген бейнені құрастырады. (құрастыру)	Д/о: «Күзгі орман» Шарты: Қиынды суреттен күзгі орман суретін құрастырады. (құрастыру)	Д/о: «Ғажайып қапшық» Шарты: Табиғат ерекшеліктерінің суретін алып қай мезгілге тиесілі екенін айтады. (сөйлеуді дамыту)	Д/о: «Пазл» Шарты: Пазлдарды құрап ойнайды. (құрастыру)	Д/о: «Атын атап бер» Шарты: күз ерекшеліктері туралы айтады (сөйлеуді дамыту)
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені №1	Таңғы жаттығу кешені №1	Таңғы жаттығу кешені №1	Таңғы жаттығу кешені №1	Таңғы жаттығу кешені №1

Таңғы ас	Ойын- жаттығу: Нан қоқымын шашпандар Жерде жатса баспандар. Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастандар.	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тамаққа аудару.	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Д/о:Тіл ұстарту жаттығуы Күз туралы Үз – үз – үз, Жаңбырлы Күз. Рақ – рақ – рақ, Саулайды жапырақ. Ел – ел – ел, Соғады жел. Іс – іс – іс, Піседі жеміс. Дай – дай – дай, Жинаймыз бидай.	Д/о: «Қоянға көмектес.» Ойын шарты: Қонаққа келген қоянның көкөністерін санап көмектеседі. (математика негіздері)	Д/о: «Қонырау қайдан естіледі?» Ойын шарты : Балалар тығылып тұрған қоныраудың дыбысын естіп, қайдан соғып тұрғанын табады	Д/о: «Пішінді құрастыр» Ойын шарты: Балалардың алдына әр түрлі пішіндер беріледі. Ол пішіндерден суреттегі көрсетілген заттарды құрастырады және түсі мен пішінін ажыратады. (математика негіздері,құрастыру)	Д/о: «Менің отбасым» Шарты: Отбасы мүшелерін атайды, олардың үйдегі қызметтерін атайды. (сөйлеуді дамыту)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Музыка Педагог жоспары бойынша.  Дәрумен және оның пайдасымен таныстыру (Қоршаған ортамен танысу) Дәрумендер туралы тақпақ жаттату (Көркем әдебиет) Алманың суретін салу, жапсыру, құрастыру (Сурет салу, жапсыру, құрастыру)	Дене шынықтыру Педагог жоспары бойынша.  Екі қарама-қарсы және бірдей жемістер мен көкөністерді ұзындығы, ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстырады. Математика негіздері «Алтын дән» өлеңі К.Ахметова Өлеңді асықпай мағанасына қарай дыбыстарды анық айтуға қалыптастыру.	Д/о «Заттың атын ата» Шарты: Қоржынға салынған көкөністер мен жемістерді қолға алып, ащы қатты қышқыл, түсін, пішінін атау керек. (Математика негіздері) Балаға ұнайтын жеміс немесе көкөністің суретін салуды (Сурет салу) Ас адамның арқауы Дені саудың жаны	Дене шынықтыру Педагог жоспары бойынша.  Жемістер мен көкөністерде қандай дәрумендер бар екені туралы әңгімелесу (Сөйлеуді дамыту) Тамақты ішсең күнде сен Белгілі бір мезгілде Таңертең, түсте, түстен соң Жатар алды кезінде, Балаларға тақпақ жаттау, уақытты бағдарлауға үйрету. (Көркем әдебиет, математика негіздері)	Дене шынықтыру Педагог жоспары бойынша.  Буклетпен жұмыс дұрыс тамақтану жайлы әңгімелесу Пайдалы тағамдардың маңызымен таныстыру (Қоршаған ортамен танысу) Жұмбақ жасыру Көкөністер туралы (Сөйлеуді дамыту) Д/о: «Көп аз» Шарты: Аз және көп жемістерді

		<b>(Көркем әдебиет)</b>	сау мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп, сөйлеу тілдерін дамыту <b>(Сөйлеуді дамыту)</b>		топтастыру <b>(математика негіздері)</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.	(ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау	Балаларды ретімен киіндіру	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.
<b>Серуен</b>	Серуен картотекасы №6	Серуен картотекасы №7	Серуен картотекасы №8	Серуен картотекасы №9	Серуен картотекасы №10
<b>Серуеннен оралу</b>	Киімді шкапка ретімен жинау	Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету.	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру.	Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету.	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.
<b>Түскі ас</b>	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру.	«Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету.	Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.	Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету.	Асың, асың, асына, Береке берсін басына. Дастарқаның мол болсын! Денсаулығың зор болсын!
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау «Шалқан» ертегісін оқып беру	Баяу музыка тындайды	«Мақтаншақ қоян» ертегісін оқып беру	«Бесік жырын» тындайды	«Үш аю» ертегісін оқып беру
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату	Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.	Қыз балалардың шаштарын жинауға әрекет жасауын үйрету.	Гимнастикалық жолдан жүру. Таяқтарды жылжытып, массаж жасау.	Тыныс алу жаттығуы. «Сәбізді ніскеу»

Бесін ас	«Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету.	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру.	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тамаққа аудару.	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Шалқан» ертегісі Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді. Сөйлеуді дамыту «Қызыл алма» (заттық мүсіндеу) Мақсаты: Ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату тәсілдерін пайдаланады.	Жемістер мен көкөністер ойыны Екі топқа бөліп ажырату Қоршаған ортамен таныстыру Жасыл алмұрт» (заттық мүсіндеу) Мақсаты: Ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату тәсілдерін пайдаланады, алмұртты құрастырады, түсін пішінін атап, суретін салады (Мүсіндеу, сурет салу, жапсыру, құрастыру)	Дәмін татып қай жеміс екенін ата ойыны (Қоршаған ортамен танысу) Жемістер жыры тақпағын жаттау. (Көркем әдебиет)	Дәрумендер бейнеленген пазл құрастыру (құрастыру) Сәбіздің суретін қию және жабыстыру (Жапсыру) Сәбіздің бейнесін мүсіндеу (мүсіндеу)	Жемістер мен көкөністердің маскаларын киіп, пайдасы туралы балаларға айтқызу (Сөйлеуді дамыту) Қазақтың ұлттық тағамдары туралы видео ролик көрсету Жемістерден компот жасау (Жапсыру, сурет салу.)
Балалармен жеке жұмыс	Рабинаға түрлі түсті шардың суретін үлгі бойынша салдыру, қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.	Айсұлу «Не қайда өседі» Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту,	Нұралиге құрастырудан балабақша ғимаратын берілген үлгі бойынша дұрыс құрастыруды үйрету.	Раяна «С» дыбысын жаттықтыру сөйлеуді дамытудан «Менің отбасым» өлеңінде «с» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру.	Балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін жетілдіру Аяла
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді бақылау.	Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.	Серуенге қызығушылық туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.	Балаларды табиғатпен таныстыру.
Серуен	Серуен картотекасы №6	Серуен картотекасы №7	Серуен картотекасы №8	Серуен картотекасы №9	Серуен картотекасы №10

Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Өдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.
------------------------	----------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------	----------------------------------------------------------------